

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы»
КМҚК басшысы

Б. Абдікєрова

«12» қаңтар 2026 ж.



КӨРКЕМ ЕҢБЕК МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН «БОЯУЛАР ҚҰПИЯСЫ» ОБЛЫСТЫҚ ОНЛАЙН-КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қарағанды облысының жалпы білім беретін мектептері, гимназиялары мен лицейлерінің көркем еңбек мұғалімдеріне арналған «Бояулар құпиясы» облыстық конкурсының мақсаты мен міндеттерін, өткізу тәртібін, бағалау критерийлерін және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін анықтайды.

1.2. Конкурс «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК-ның, Қарағанды облысы Көркем еңбек педагогтары қауымдастығының жұмыс жоспарларына және «Адал азамат» бағдарламасына сәйкес өткізіледі.

1.3. Конкурс қашықтықтан (онлайн) форматта өткізіледі.

1.4. Облыстық онлайн-конкурстың ұйымдастырушысы: «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

Конкурстың мақсаты:

Қарағанды облысының жалпы білім беретін мектептері, лицейлері мен гимназияларының көркем еңбек мұғалімдерінің шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға ықпал ету, кәсіби дағдыларын жетілдіру және педагогикалық шеберлік деңгейін арттыру.

Конкурстың міндеттері:

- Талантты және бастамашыл көркем еңбек мұғалімдерін анықтау және олардың кәсіби дамуына қолдау көрсету;
- Педагогтардың шығармашылық белсенділігін ынталандыру, тәжірибе алмасуды ұйымдастыру және оқу процесіне инновациялық білім беру технологияларын енгізу.

3. Конкурса қатысушылар

3.1. Конкурса Қарағанды облысының жалпы білім беретін мектептерінің, гимназияларының, лицейлерінің көркем еңбек мұғалімдері қатыса алады.

4. Конкурсты өткізу мерзімі мен тәртібі

Конкурстың тақырыбы: «Шеберлік пен шабыт: заманалар байланысы».

4.1. Конкурсты өткізу мерзімі: 2026 жылдың 19 қаңтарынан 13 ақпанына дейін (қоса алғанда).

4.2. Конкурсқа қатысу үшін 2026 жылдың 13 ақпаны сағат 19.00-ге дейін ***konkurs.krg2026@mail.ru*** электрондық поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

№1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

Конкурстық жұмыстың фотосы, шығармашылық жұмыстың кезең-кезеңімен орындалуы бейнеленген www.youtube.com арнасына жүктелген бейнематериалға сілтеме (ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс). Бейнероликте автор туралы мәлімет болуы керек: тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, оқу орны, елді мекені.

Түсініктеменің болуы: жұмыстың атауы, орындалу техникасы және шығармашылық жұмыстың негізгі идеясын сипаттау.

4.3. Ұйымдастыру комитетіне 13.02.2026 жылдан кеш түскен, сондай-ақ қойылған талаптарды бұза отырып орындалған жұмыстар қарастырылмайды.

4.4. Конкурс қорытындысы, дипломдар мен сертификаттар 2026 жылдың 10 наурызында umc-ro@umckrg.gov.kz сайтында жарияланады.

5. Жұмыстарға қойылатын талаптар және бағалау критерийлері

5.1. Конкурсқа соңғы үш жыл ішінде осы конкурсқа қатыспаған мұғалімдер жіберіледі.

5.2. Әр қатысушы тек бір жұмыс ұсына алады.

5.3. Конкурстық жұмыстар 2025-2026 оқу жылында орындалуы тиіс, басқа авторлардың жұмыстарының көшірмесі немесе бөлігі болмауы, сондай-ақ үлгілік (шаблондық) болмауы керек.

5.4. Бұрын басқа көрмелер мен конкурстарға қатысқан, сондай-ақ конкурс тақырыбына сәйкес келмейтін немесе орындалу сапасы төмен жұмыстарды ұйымдастыру комитеті қарастырмайды.

5.5. **Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:**

«**Кескіндеме**» **номинациясы** (акварель, гуашь, майлы бояу, акрил, түрлі-түсті қарындаштар және т.б. материалдар).

«**Графика**» **номинациясы** (қарындаш, тушь, көмір, пастель және т.б. материалдар).

«**Мүсін**» **номинациясы** (ағаш, саз, гипс, пластилин, мұз, қар және т.б. материалдар).

«**Сәндік-қолданбалы өнер**» **номинациясы:**

«**Тоқыма бұйымдары**»: гобелен, кестелеу, батик, киіз басу;

«**Материалдарды көркемдеп өңдеу**»: ағаш, сүйек, тері, металл;

«**Қағаз пластикасы**»: панно, папье-маше, кез келген фактурадағы қағаз.

5.6. **Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері:**

- Реалистік мәнерде орындалған жұмыстар үшін академиялық негіздер мен ережелерді сақтау.

- Идеяның және орындау техникасының бірегейлігі.

- Автордың шығармашылық даралығы мен шеберлігі.

- Таңдалған техниканы меңгерудің кәсіби деңгейі.

5.7. Әрбір критерий бойынша **0-ден 2 балға дейін** беріледі:

0 балл – бағалау критерийі көрсетілмеген;

1 балл – ішінара көрсетілген;

2 балл – толық көрсетілген.

Қазылар алқасының шешімі хаттамамен бекітіледі.

6. Конкурс қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

6.1. Конкурс қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

6.2. Конкурс жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Жүлделі орындарға ие болмаған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

6.3. Дипломдар мен сертификаттардың электронды нұсқалары Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ресми сайтында (umc-ro@umckrg.gov.kz) жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары:

+7 777 330 62 43 – Токарева Юлия Владимировна

+7 707 818 95 58 – Бекжанова Құрмет Советовна

1-қосымша

«Бояулар құпиясы» көркем еңбек мұғалімдерінің облыстық конкурсына қатысуға ӨТІНІМ

Аудан/Қ ала	Білім беру ұйымын ың атауы	Қатысушы ның Т.А.Ә.	Номина ция	Жұм ыс атау ы	Орында лу техника сы	Байлан ыс телефо ны	YouTube бейнероли гіне сілтеме
----------------	--	------------------------	---------------	------------------------	-------------------------------	------------------------------	---